



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1126994/2025/1

11.07.2025 жылғы

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)"KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Филиал Директоры Запольский Алексей Александрович негізінде әрекет ететін 31.12.2024 жылғы №183 Бас сенімхат, атынан, бір жағынан, және ЖК ИртышВКО бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Жеке кәсіпкер СУЛЕЙМЕНОВА КАРЛЫҒАШ СЕЙТКАЛИЕВНА негізінде әрекет ететін уведомления о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя № KZ76UWQ03175572 от 26.01.2022 года, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1126994 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 196.50 (жүз тоқсан алты теңге, елу тиын) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Шот-фактура / электрондық шот-фактура Тапсырыс берушінің мекенжайына салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазып беріледі.

Қосылған күн салығының ставкасы өзгерген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.8. Салықтар мен төлемдер.

2.8.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мынадай түрде төленуге тиіс:

2.8.1.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеуге толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы есептеуі және Жеткізушіге салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлеу үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды, оның ішінде салық





қызметі өнім берушіге жасалған немесе шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты.

2.8.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының Заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылатын болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге салық төлеу бойынша кез келген соманы төлеуге тиесілі сомандан ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, Егер төлем бастапқыда өнім берушіге жүзеге асырылғандай, өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осылай ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ жеткізушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

2.8.1.3. Өнім беруші салық есептілігін өнім берушінің дұрыс толтырмауына байланысты қарсы тексерулердің және/немесе Сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейін Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

2.8.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады. Немесе есептелгенге дейін салықтар есептелсе, онда өнім беруші тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт өнім берушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға алып келген өнім берушінің басқа өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемей) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, өнім беруші өтеген ҚҚС асып кеткен сома не шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен жағдайда Өнім берушіге қайтарылуға жатады. Жеткізуші не жеткізушілер бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлерін жою нәтижесінде Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өнім беруші бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Өнім беруші тауарды жүк алушының қоймасына жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің аумағына тауарды жеткізу жөніндегі талаптарды сақтауға және тауарды жеткізуге байланысты өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің аумағына тауарды жеткізу жөніндегі талаптармен таныстыруға міндетті (Шартқа №5 қосымша).

3.4. Шартқа №4 қосымшаға сәйкес "KEGOC" АҚ "Шығыс ЖЭТ" филиалы шарт бойынша жүк алушы болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмесі (көшірмелері)(Жүйеде ұсынылады). Тәртібінің 37-бабының 6-тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізу кезінде түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2.1. техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген өзге де құжаттар.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың





ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.5. Тауарды шарт мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша акт бойынша өткізуге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура жазып беруге.

4.1.6. Тауармен бір мезгілде сәйкестік сертификаттарының немесе сәйкестік туралы декларацияның нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну қажет.

4.1.7. Тауармен бір мезгілде шығу сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе тауардың шығу тегі туралы декларацияның түпнұсқасын ұсыну қажет. Мұндай декларация ретінде коммерциялық құжаттар (шот-фактура, электрондық шот/фактура (инвойс), ерекшеліктер, тиеу және буып-түю парақтары және сыртқы сауда және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты мәмілелерді растау үшін пайдаланылатын басқа да құжаттар) немесе тауарларға қатысы бар кез келген басқа да құжаттар пайдаланылады.

4.1.8. Тауармен бір мезгілде Тапсырыс берушіге оның керек-жарақтарын, сондай-ақ оған қатысты тауардың жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін және т. б. куәландыратын құжаттарды беру.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Шарт талаптарына сәйкес тиісті құжаттар болмаған кезде тауарды қабылдамауға.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оларға техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығындарын Өнім беруші көтереді.

5.4. Техникалық бақылау және сынау тауар жеткізілген орында және/немесе жеткізу үшін анықталған пунктте Өнім берушінің аумағында жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында жүргізілетін болса Тапсырыс берушінің тарабынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік аппараттарға рұқсат бере отырып Тапсырыс берушінің инспекторына барлық қажетті құралдар беріліп, көмек көрсетілетін болады.

5.5. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды.

Егер Өнім беруші 7 (жеті) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.

5.6. Тауардың саны мен талап етілетін сапасы жеткіліксіз болған жағдайда, Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде тауардың жетіспеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жетіспеген бөлігін жеткізу бойынша шығыстар Өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады. Осы уақыт ішінде бұл тауар тапсырыс берушіден немесе оның өкілінде сақтауда болады. Тапсырыс беруші ілеспе хатта көрсетілген мерзімде тауарды алып кетпеген жағдайда, Тапсырыс беруші тауардың сақталуы, тұтастығы және бүлінбеуі үшін жауапты болмайды.

5.7. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе





сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.8. Актілерге қол қойылған күн, тауар жеткізілген күннен бастап есептелетін тауарларды қабылдаудың басталған күні болып табылады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді. Өнім беруші 2024-2025 жылдардағы шығарылған тауарды жеткізуге міндеттенеді және шарт шеңберінде жеткізілген тауардың жаңа, пайдаланылмаған болып табылатынына және материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететініне кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, тауарды талап етілетін мерзімде алмастырмаса, Тапсырыс берушінің осы тауардан бас тартуға құқығы бар, ал өнім беруші Тапсырыс беруші қабылдамай тастаған тауарды кері қабылдауға және барлық шығындарды өтей отырып, Тапсырыс берушіге осы тауар үшін алынған бүкіл соманы қайтаруға міндетті.

6.6. Сапасыз тауарды қайтаруға және жаңасын жеткізуге байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды;

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды .

7.2.4. Шарттың 8.7-тармағында көзделген тәртіппен Шартты бұзған кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіден шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.5. Шартқа №5 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің аумағына тауар жеткізу жөніндегі талаптар сақталмаған жағдайда, өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.3. Егер өсімпұл сомасы 5000 (бес мың) теңгеден аз болса, онда өсімпұлды ұстап қалу туралы хабарлама Өнім берушіге электрондық пошта немесе факсимильдік байланыс арқылы ғана жіберіледі.

7.4. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ + 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.2. В случае задержки оплат (в том числе авансовых платежей) по Договору, Заказчик оплачивает Поставщику пеню в размере 0,1% от суммы задолженности, за каждый календарный день просрочки, но не более 10% от общей суммы договора.

7.5.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ + 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.





7.5.4. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.5. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ + 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.6. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.5.7. Пункт 7.5.5 жарамсыз деп саналсын

7.5.8. 7.5.1-тармақ жарамсыз деп есептелсін

7.5.9. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін Тауарды өндірушіге Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушінің таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шарттың 8.3-тармағында көзделген жағдайларда шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Өнім берушіге шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіге:-егер Өнім





беруші тауардың бір бөлігін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде (- лерде) жеткізбесе;- шарт бойынша өзге де міндеттемелерді орындамаса, шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

8.8. Шарт Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Шартты бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапты өзінің ниеті туралы 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюмен ресімделеді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушіден шартты бұзу арқылы келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық орындағанға дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік





туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші:

(а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

(б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі) корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе





бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

(с) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Өнім берушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

